Д
А82

Балақай

ХАЛЫҚ ЕРТЕГІСІ



# АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

О-1с.

Баяғы заманда бір орманды қаһарлы әрі ашушаң арыстан мекен етіпті. Бірде аң аулап әбден шаршаған ол үлкен ағаштың көлеңкесіне келіп тынығуды жөн көреді.





Біраз уақыт өткен соң тышқан келіп ұйықтап жатқан арыстанның үстінен жүгіріп өтеді.

СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКАЯ
ОБЛАСТНАЯ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКАЯ
БИБЛИОТЕКА
ИМ.Г.МУСРЕПОВА



2749158



Арыстан оянып, тышқанды ұстап алады. Қорыққан тышқан жылап жібереді де арыстаннан:

– О, арыстан, мені жіберші, егер босатсаң, бір күні мен де саған жақсылық жасармын, – деп жалынып сұрайды.

Арыстан тышқанның «саған жақсылық жасармын» деген сөзіне әбден күледі.



Бірақ оның көз жасына илігіп:
– Мақұл, мен саған тимеймін. Бар, кете бер! – деп тышқанды босатып жібереді.





Келесі күні орманға аңшылар келеді. Олар аңқау арыстанды торға түсіріп, ұстап алады да арқанмен байлап тастайды.



Арыстанды тастап, енді аңшылар тиеп әкететін арба әкелмек болып ауылдарына кетеді. Осы кезде тышқан арыстанның ақырған даусын естіп жүгіріп келеді. Ең күшті, қаһарлы деп санайтын арыстанның мүшкіл халін көреді.

Тышқан арыстанға тез жақын келіп, арқанды өткір тісімен қырқып тастайды да, арыстанды босатады.





СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКАЯ
ОБЛАСТНАЯ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКАЯ
БИБЛИОТЕКА
ИМ.Г.МУСРЕПОВА

274915





Оған риза болған арыстан рақметін айтады.
Сол кезде тышқан:
– Есіңде ме, сен менің «жақсылық жасармын» деген сөзіме әбден күліп едің. Енді, міне, кіп-кішкентай тышқаннан да көмек боларын көрдің, – деген екен.

18



# АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

ББК 84 (5 каз)
А 75

А $\frac{4803250201}{00(05)-00}$

ISBN 9965-543-11-9
ISBN 9965-543-00-3

**Суретшісі**
Г. Краус
**Құрастырушы редакторы**
Ә. Құрысшанова
**Компьютерлік макеті**
Ә. Жәңгіров /Baur Ltd./
**Мұқабаның креативті дизайны**
Andre SHEEN /Baur Ltd./

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

5

**Балақай** - первая серия книг на казахском языке для детей, куда вошли казахские народные сказки, считалки, стихи.
По вопросам оптовой продажи обращаться в торговый отдел издательства «АРУНА». Тел./факс: (3272) 728 411, 728 421

**Балақай** - балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы топтама. Топтамаға тақпақтар, санамақтар, халық ертегілері жинақталған.
Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (3272) 728 421, 728 411

© **«АРУНА» баспасы**
480091, Алматы қаласы, Чайковский к-сі, 190/184, 23-офис.
E-mail: aruna_ltd@mail.ru
Таралымы 10 000.

«IntellService» баспаханасында басылды.